ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 04 қараша №5165-24-00-2/2771 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы А. Илесбаевтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Эверест 2» Наженова Гульзат Абдыхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Н. Мустафаев
талап қоюшы өкілі С. Баксенов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Эверест 2» Наженова Гульзат Абдыхановна (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2024 жылғы 11 тамызда жалпы сомасы 192 330 теңгені құрайтын «10 дана сүзгіш желілік» жеткізу бойынша №141040027646/240710/00 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды келісім шарт күшіне енген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылдың 27 тамызға дейін жеткізіге тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, шарт жауапкер тарапынан орындалмауына байланысты бүгінгі таңда біржақты бұзылғанын, сондықтан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысына келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талапты қанағаттандыруға жататыны жөнінде қорытынды жасады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, жауапкер тауарды келісім шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылдың 27 тамызға дейін жеткізуге тиіс болған. Алайда, жауапкер міндеттемесін орындамай тауарды жеткізбеген, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Одан бөлек, Шарт 04 қараша 2024 жылы біржақты бұзылған.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарттың талаптарын орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 08.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 11.12.2024

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша орындау мерзімінің әрбір кешіктірген күні үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % көлемінде тұрақсыздық айыппұл 192 330 теңге х 0,1% = 20 күнге = 3 846 теңге өндіруді сұраған өндіруді сұраған.

Жауапкердің тауарды жеткізбегені сотта дәлелін тапты.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының жауапкерден 3 846 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабын заңды және негізді деп тауып, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Эверест 2» басшысы Наженова Гульзат Абдыхановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Эверест 2» басшысы Наженова Гульзат Абдыхановнадан мемлекет пайдасына 3 846 (үш мың сегіз жүз қырық алты) теңге тұрақсыздық айыппұл, 1 961 (бір мың тоғыз жүз алпыс бір) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 08.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 11.12.2024

жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 08.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 11.12.2024